16	Әбдіқазы Томирис	26.05.2020 жыл	Балдырған	Аралас топ	5 жас

	Ерланқызы			4-5 жас	
17	Талғат Бағдат Ельдарұлы	04.09.2020 жыл	Балдырған	Аралас топ 4-5 жас	5 жас
18	Нәсіп Асем Нұрсұлтанқызы	02.05.2020 жыл	Балдырған	Аралас топ 4-5 жас	5 жас
19	Кенжебек Айсұлтан Талғатұлы	13.02.2021 жыл	Балдырған	Аралас топ 4-5 жас	4 жас
20	Серікқали Саян Сағымұлы	11.03.2020 жыл	Балдырған	Аралас топ 4-5 жас	5 жас
21	Мерейұлы Мухаммед	08.09.2020 жыл	Балдырған	Аралас топ 4-5 жас	5 жас
22	Амангелді Ислам Сейілбекұлы	20.10.2021 жыл	Балдырған	Аралас топ 4-5 жас	4 жас
23	Амангелді Исмаил Сейілбекұлы	09.06.2020 жыл	Балдырған	Аралас топ 4-5 жас	5 жас
24	Дәулет Айсана Асхатқызы	14.04.2021 жыл	Балдырған	Аралас топ 4-5 жас	4жас

IV. бөлім.

Оқу-әдістемелік жұмысына талдау

Балабақшадағы тәрбие және білім беру үрдісі - толығымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Білім және ғылым министрлігінің нормативті және құқықтық құжаттары негізінде құрылған. Балабақшада білім беру үрдісі қоғам алдындағы болашақтағы мақсаттарға, әлеуметтік-мәдениеттілік және рухани-имандылық құзыретті мүмкіндіктеріне бағытталған. Балабақшадағы білім берудің негізгі және стратегиялық мақсаты – мектепте жақсы білім ала алатын білімді, жан-жақты дамыған, ішкі-жан дүниесі өте бай, ар-намысты, жауапкершілігі мол, өзін-өзі жетілдіре білетін, басқа адамдармен, гармониялық тұрғыда әлеммен қарым-қатынас жасай алатын, мәдениетті баланы дайындау. Оқу-тәрбие процесін жіті ұйымдастыру үшін біздің балабақшада мектепке дейінгі балалар мен педагогтар үшін жүйелі түрде қажетті жағдайлар жасалып, мақсаттар жүзеге асырылады:

- балалар әдебиеті мен әдістеме толықтырылып отырады;
- пәндік-дамушы орта дамиды;
- мектеп жасына дейінгілерді тәрбиелеу мен оқытудың жаңа технологиялары қолданылып, сабақтар өткізіледі;
- регламентті емес және баланың бос уақытында аралас баланс сақталады, дағды мен білімпаздықта дамыту үшін қолданылады.

«Шахан С.М.» ЖШС "Алтын ұя" балабақшасының оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге бағытталған.

Тәрбие-білім беру процесі.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбие-білім беру процесін мыналарға сәйкес жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;
- 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;
- 4) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен;
- 5) республикалық және қалалық Сараптамалық кеңестің ғылыми кеңесінің қолдануына ұсынылған қосымша білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:перспективалық жоспарға, циклограммаға, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеуге сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспарды оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтар жасайды. Оқу жылында тәрбие мен оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылына арналған перспективалық жоспарды тәрбиешілер мен басқа да педагогтар (музыкалық

жетекші, дене шынықтыру, қазақ тілі нұсқаушысы) өтпелі тақырыптар негізінде жасады. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындау көзделген.

Циклограмма әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуінен бастап барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары балабақша топтарында ұйымдастырылған іс-әрекетті тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Балалармен тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру кезінде "Алматы кітап" оқу-әдістемелік кешендері пайдаланылды.

2025-2026 оқу жылында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтар қағидаттарға бағдарланады:

- ойын арқылы оқыту;
- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету).

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен әдістерінің өзгеріштігі мен қолданылуын ескереді. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Электрондық нұсқада 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспары, кестесі, перспективалық жоспарлары мен циклограммалары қоса беріледі.

Педагогикалық үрдіс баланың иманды-рухани тұлғасын жетілдіруге; мектепке дейінгі балалардың физикалық, ақыл-ой және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Балалармен жұмыс жаңа заманғы әдістер мен тәсілдерді, интерактивтік тәртіппен өткізу жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру барысының тиімділігі туралы, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы – қыркүйекте, аралық - қаңтарда және қорытынды-мамырда).

Мониторинг мақсаты:

- баланың жетістіктерін бақылау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру барысын жетілдіру;

- баланың Типтік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер "бақылау парағында" толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланы дамытудың жеке картасында "түзету іс-шаралары" бөлімінде балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды толтырады. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші педагог-мамандармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады. Балабақша балаларының бағдарлама мәліметтерін сапалы игеруде ортадан жоғары деңгейге жетуі тек қана баланы тереңдетілген оқыту мен тәрбиелеудің дәстүрлі әдістерінен емес, мектепке дейінгі білім берудің мазмұны мен технологияларының дамуына деген көзқарастың өзгеруі, оның тұлғалық-бағытта өз арнасымен ағуында. Балабақшада жасалған ұйымдық-әдістемелік қызмет жоспарлы түрде педагогтардың құзіреттілігін дамытуға мүмкіндік бере алды.

Білім беру ұйымын бағалау критерийлеріне сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілді.

Электрондық нұсқада 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының мониторингі қоса беріледі.

V бөлім.

Оқу-материалдық активтер

Астана қаласы «Шахан С.М.» ЖШС "Алтын ұя" балабақшасы 2021 жылғы 15 қазан бастап жұмыс істейді.

Жобалық қуаттылығы - 75 орын (мемлекеттік тапсырыс бойынша қызмет көрсету). Ғимарат 2 қабатты коттедж үйге қабырғалас орналасқан.

Ортақ қабылдау бөлмесі бар және жеке ойын, санитарлық бөлмеге, ас блогына бөлінеді.

Балабақшаның әр жас ерекшелігі тобында балалардың барлық қызмет түрлерінде тәуелсіз, белсенді және мақсатты дамуы үшін жағдайлар жасалған.

Топтардағы пәндік-кеңістіктік даму ортасы ұтымды ойластырылған, ыңғайлы, балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді.

Жиһаздың, оқу, ойын және басқа жабдықтардың орналасуы қауіпсіздік техникасының, санитарлық – гигиеналық нормалардың, балалардың физиологиясының, баланың психикалық әл-ауқатының, оның дамуының талаптарына толық сәйкес келеді және жауап береді, баланың өзін-өзі оқыту қабілетінің дамуына, функционалдық жайлылық принциптеріне оң әсер ете алады. Қоршаған ортаны аймақтарға бөлу ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықталған.

Ортаны дамытуды жетілдіру жұмыстары мектепке дейінгі мекеменің барлық жас ерекшеліктері әртүрлі топтарда бағдарламаға сәйкес жүзеге асады. Дамытушы ортаның заттары және ұйымдастырылуы мектеп жасына дейінгі балаларға рационалды және мақсатты, ыңғайлы және жеткілікті жас ерекшеліктері мен қабілеттіліктеріне қарай жауап береді. Оқу жиһазының, ойын және басқа да жабдықтарының орналасуы мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа және баланың дене дамуының принциптерін жақсартуға техника қауіпсіздігінің, санитарлық-гигиеналық мөлшерлердің талаптарына сәйкес орналасқан. Балабақшадағы пәндік-дамытушы орта баланың толық дене (физикалық) дамуына, өмірін қорғау және денсаулығын бекітуге бейімделініп, көркем-эстетикалық талаптарға жауап береді. Барлық топтарда денсаулық сақтау ортасы, кварцлеу лампасы, ауа тазартқыш сонымен қоса диспенсерлі таза су бар. Топтарда балаларды шынықтыруға арналған: қабырғалы тақтайлар, «Денсаулық» төсеніші және т.б. жабдықтар бар. Дене тәрбиесі бойынша дене шынықтыру залы (музыка залымен біріккен) гимнастикалық маттармен, жаттығу төсеніштерімен, доптармен, лақтыруға арналған қапшықтарымен, гимнастикалық дөңгелектермен және т.б. қажет құралдармен жабдықталған. Сенсорлық төсеніштер де (майтабандылыққа арналған төсеніш паздары, жұмсақ гимнастикалық жиындар, таяқшалар және т.б.) бар.

Балабақшаның кіші тобында: танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, танымдық қызығушылықты белсендіретін жылжымалы ойыншықтар, ашық ойындарға арналған жабдықтар, ірі және ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын құралдары, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар бар.

Ересек жастағы топтарда топтық бөлме білім беру ойыншықтарымен жабдықталған, леги, шығармашылыққа арналған материалдар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылықты арттыру үшін табиғи материалдар.

Балабақшада: медициналық бұрыш жұмыс істейді.

Топта балаларға арналған музыкалық аспаптармен, музыкалық техникамен жабдықталған. Балабақшаның әдістемелік жұмысында оқу-тәрбие, ата-аналармен және тәрбиешілермен жұмыс істеуге арналған консультациялық материал, көркем және энциклопедиялық әдебиет, үлестірме материалдар жинақталған. Мемлекеттік тілде бейне және аудио материалдар бар.

VI Бөлім.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Балабақшада электрондық ресурстар базасы бар:

- ноутбук - 2 дана.
- теледидар- 1 дана.
- магнитофон -2 дана.
- музыкалық орталығы -1 дана.
- сканер- 1 дана.
- принтер- 2 дана.
- интернет желісі.

Бағаланатын кезеңдегі балабақшаның кітапхана қоры:

- қазақ тілін оқыту бойынша әдістемелік әдебиет-50 дана;
- сөздіктер- 10 дана;
- мемлекеттік тілдегі қосымша әдебиеттер- 50 дана;
- аудиотека- 25 дана;
- қоршаған әлеммен танысу бойынша әдістемелік әдебиет, экология негіздері - 30 дана ;
- қоршаған ортамен танысу бойынша қосымша әдебиеттер, экология негіздері – 20 дана;

- сөйлеуді дамыту, сауаттылыққа оқыту бойынша әдістемелік әдебиеттер- 45 дана;
- көркем әдебиет бойынша әдістемелік әдебиет- 50 дана;
- қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру бойынша әдістемелік әдебиет - 30 дана;
- қауіпсіз өмір негіздері бойынша әдістемелік әдебиет,
валеология - 88 дана.;
- көркем әдебиет бойынша әдістемелік әдебиет - 40 дана;
- Құрылыс және қол еңбегі - 35 дана;
- музыка бойынша әдістемелік әдебиет - 30 дана;
- дене шынықтыру бойынша - 20 дана;
- энциклопедиялық әдебиет - 23 дана.
- көркем әдебиет – 40 дана

Мерзімді түрде балабақша топтарындағы кітапхана қоры, әдістемелік кабинетте жаңартылып толықтырылып отырады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: балабақшада баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдайлар жасалған. Пәндік - кеңістіктік даму ортасының мазмұны тәрбиеленушілердің мүдделеріне сәйкес келеді, мезгіл-мезгіл өзгереді, үнемі байытылады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне назар аударады. *(4-қосымша)*

VII Бөлім.
Тәрбиеленушілерінің білімдерін бағалау

«Шахан С.М» ЖШС " Алтын ұя " балабақшасының МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білімділік, біліктілік, дағдылар және құзыреттілік көлемін игеру.

2023-2024 оқу жылы
Балалардың біліктері мен дағдыларының
(бастапқы) жиынтық бақылау нәтижелері

Жас топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>	<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>	<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>	<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>	<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>
Кіші«Балапан»	20	7	11	2	5	15	0	3	16	1	4	13	2	5	13	2
Аралас 3-4 жас	30	9	18	3	4	24	2	17	10	3	10	17	3	6	20	4
Аралас 4-5 жас	26	10	12	4	11	11	4	12	12	2	12	9	5	11	12	3
Барлығы	76	26	41	9	20	50	6	32	38	6	26	39	11	22	45	9
%	100	34	54	12	26	66	8	42	50	8	34	52	14	29	59	12

2023-2024 оқу жылы
Балалардың біліктері мен дағдыларының
(аралық) жиынтық бақылау нәтижелері

Жас топтары	Бала- лар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>	<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>	<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>	<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>	<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>
Кіші«Балапан»	20	15	4,7	0	6	12	2	5,7	14	0	8	10,5	1,5	7	7,11	8,1
Аралас 3-4 жас	29	15	14	0	14	13	2	9	20	0	12	15	2	13	14	2
аралас 4-5 жас	25	11	14	0	10	10	5	10	15	0	10	15	0	11	14	0
Барлығы	74	41	28	0	24	35	7	24,7	49	0	30	40,5	3,3	31,7	28	3
%	100	55	38	0	40	57	3	33	66	0	38	56	6	43	55	4

2023-2024 оқу жылы
Балалардың біліктері мен дағдыларының
(Қорытынды) жиынтық бақылау нәтижелері

Жас топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>	<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>	<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>	<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>	<i>олардың ішінде жоғары деңгей</i>	<i>олардың ішінде орташа деңгей</i>	<i>олардың ішінде төмен деңгей</i>
Кіші«Балапан»	20	10	10	0	7	13	0	8	12	0	8,2	12	0	10	10	0
аралас 3-4 жас	30	21	9	0	24	6	0	21	9	0	21	9	0	16	14	0
аралас 4-5 жас	23	10	13	0	9	14	0	9	14	0	9	14	0	11	12	0
Барлығы	117	71	46	0	40	33	0	38	35	0	38,2	35	0	37	36	0
%	100	61	39	0	60	40	0	32	30	0	70	30	0	32	31	0

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балабақшаның мектепалды тобы тәрбиеленушілерінің мониторингі нәтижесінен білім беру дағдылары бойынша бағдарламалық мазмұнды игеру деңгейін анықталғанын көреміз.

Ұсыныстар: тәрбиешілерге мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру жөніндегі жұмысты жалғастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде де, одан тыс жерлерде де балалармен жеке және топтық жұмыс жүргізу арқылы III деңгей көрсеткіштерін арттыру қажет. Тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру жөніндегі жұмысты жалғастырсын. I жартыжылдықтың соңында балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.) жүргізу арқылы III деңгейдегі көрсеткіштерді арттыру қажет, оларды тәрбие-білім беру іс-әрекетінің циклограммасында және жеке даму картасында түзету іс-шараларында көрсету қажет.

2024-2025 оқу жылы
Балалардың біліктері мен дағдыларының
(бастапқы) бақылау нәтижелері

№	Топтың атауы	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» кіші тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 29 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 65%	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 6 %
2	Аралас 3-4 жас «Құлыншақ» тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 23 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 66 %	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 11%
3	Аралас 4-5 жас «Балдырған» тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 45 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 51 %	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 4%

2024-2025 оқу жылы
Балалардың біліктері мен дағдыларының
(аралық) бақылау нәтижелері

№	Топтың атауы	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балауса» кіші тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 43 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 36%	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 21%
2	Аралас 3-4 жас «Балдәурен» тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 42 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 31 %	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 27%
3	Аралас 4-5 жас «Балдырған» тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 47 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 53 %	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 0%

2024-2025 оқу жылы
Балалардың біліктері мен дағдыларының
(қорытынды) бақылау нәтижелері

№	Топтың атауы	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балауса» кіші тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 46 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 54%	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 0%
2	Аралас 3-4 жас «Балдәурен» тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 83 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 17 %	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 0%
3	Аралас 4-5 жас «Балдырған» тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 52 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 48 %	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 0%

2025-2026 оқу жылы
Балалардың біліктері мен дағдыларының
(бастапқы) бақылау нәтижелері

№	Топтың атауы	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балауса» кіші тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 36 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 47%	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 17%
2	Аралас 3-4 жас «Балдәурен» тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 54%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 44 %	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 2%
3	Аралас 4-5 жас «Балдырған» тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 57 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 38 %	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 5%

2025-2026 оқу жылы
Балалардың біліктері мен дағдыларының
(аралық) бақылау нәтижелері

№	Топтың атауы	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балауса» кіші тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 36 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 47%	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 17%
2	Аралас 3-4 жас «Балдәурен» тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 50 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 50 %	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 0%
3	Аралас 4-5 жас «Балдырған» тобы	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 58 %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 41 %	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 1%

**«Шахан С.М.» ЖШС «Алтын ұя» балабақшасы
Қамқоршылық кеңестің отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: 2026 жылғы 12 ақпан
Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі – 3 адам
Қамқоршылық кеңес мүшелері – 4 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Білім беру ұйымдарын бағалау критерияларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның қызметін өзін-өзі бағалау қорытындылары.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша құрылтайшысы: Наржигитова К.А. сөз алды. «Білім беру ұйымдарын бағалау критерияларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйым бағаланатын кезеңдегі: 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылындағы қызметті өзін-өзі бағалауды жүргізгенін атап өтті. Білім беру сапасын нәтижелі түрде бақылауға алуды тапсырды. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау объектілеріне сараптама комиссия мүшелері мұқият талдау жүргізілді: тәрбиеленушілердің тізімдік контингенті, оқу-әдістемелік жұмыс, оқу-материалдық активтер, кадрлық құрамға талдау жасалды. : Наржигитова К.А. Қамқоршылық кеңес мүшелерін өзін-өзі бағалау материалдарымен таныстырды.

Қамқоршылық кеңес төрайымы А.Қуатбек сөз алып, объектілерге мұқият талдау жүргізілгені, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейлері туралы атап өтті. Мектепке дейінгі ұйымның қызметі нормативтік құжаттарға сәйкес.

Балабақша педагогтері курстарға, семинарларға, конференцияларға қатысу арқылы кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырып отырған.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Д.Шаяхметова сөз алды. Тәрбиелеу – білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеуге сәйкес екендігін балабақшада баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдай жағдайлар жасалғанын айтып өтті.

Келесі сөз кезегін комиссия мүшесі М.Оралбаева сөз алып, өзін-өзі бағалау критерийлеріне балабақшаның қызметі жақсы деңгейде екендігін толықтырды.

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі ұйымның аттестатталатын кезеңінің қызметін өзін-өзі бағалау бойынша жұмысы жақсы деп танылсын.

«Шахан С.М.» ЖШС «Алтын ұя» балабақшасы өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстары

Мектепке дейінгі мекемелер үздіксіз білімберу жүйесінің алғашқы сатысы ретінде үнемі өзгеріп отыратын, қоғамға бейімделе алатын қабілетті баланың тұлғалық дамуына және қалыптасуына барлық жағдай жасау қажет. «Шахан С.М.» ЖШС «Алтын ұя» балабақшасы қызметінің зерттелген материалдарының негізінде бағаланатын кезеңде балабақша ұжымы әкімшілік-шаруашылық, тәрбие-білім беру қызметін жоспарлы, жүйелі, сапалы және нәтижелі жүзеге асыратыны анықталды:

1. «Шахан С.М.» ЖШС «Алтын ұя» балабақшасы педагогикалық кадрлармен жасақталған. Кадрлар құрамы штат кестесіне сәйкес келеді. Педагог-мамандардың тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар. Тәрбиешілердің "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша білім алу жоспарлансын.

Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарында оқып, кәсіби біліктілігін арттырды.

2. Мектепке дейінгі ұйымға балалар «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына» сәйкес және мемлекеттік тапсырыстың жобалық қуатына сәйкес қабылданады. Құжаттарды қабылдау және балаларды мектепке дейінгі ұйымға тұрақты немесе уақытша болуға қабылдау бос орындар болған кезде жыл бойы жүргізіледі.

3. Балабақшада тәрбиеленушілердің физикалық, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын толыққанды дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалған. Пәндік - кеңістіктік даму ортасының мазмұны оқушылардың мүдделеріне сәйкес келеді, мезгіл-мезгіл өзгереді, өзгереді, үнемі байытылады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне назар аударады.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 үлгілік оқу жоспарларына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес өтеді.

Жыл сайын балабақша "Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралынұсқаулық-әдістемелік хатты басшылыққа алып отыр. Педагогикалық ұжым білім беру мен балаларды тәрбиелеу сапасын арттыру және жетілдіру бойынша мақсатты жұмыс жүргізеді.

5. Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасы қауіпсіз, психологиялық-педагогикалық қолайлы ортаны қамтамасыз ете отырып, тәрбиені ізгілендіру және командалық тәсіл қағидаттарына негізделеді.

6. Ұйымдастырылған іс-әрекетте жас топтарының тәрбиешілері ата-

аналары ерікті негізде өз қаражатына сатып алатын «Алматыкітап» оқу-әдістемелік кешендерін пайдаланады.

7. Тәрбиеленушілердің бағдарламалық материалды игеруін талдау нәтижелері оң нәтижелерді көрсетеді. Баланың құзыреттілігін дамыту деңгейі әр жас кезеңінде жүргізіледі және индикаторлар жүйесімен бақыланады.

«Шахан С.М.» ЖШС «Алтын ұя» балабақшасы жоғарыда баяндалған өзін-өзі бағалауы мектепке дейінгі ұйымның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын толық көлемде іске асыратынын көрсетті.

Бағалау критерийлеріне қосымшаларда келтірілген сандық және сапалық көрсеткіштердің негізінде «Шахан С.М.» ЖШС «Алтын ұя» балабақшасы комиссиясы мектепке дейінгі ұйымның бағаланатын кезеңдегі жұмысын 27 баллға келеді (8-тармақты, 9-тармақты қоспағанда)

Балабақшаны одан әрі дамыту перспективасы:

- тәрбиеленушілердің дағдылары мен дағдыларының сапасын арттыру мақсатында білім беру процесіне инновациялық белсенді және интерактивті әдістер мен технологияларды сынақтан өткізу және енгізу;

– педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші біліктілік деңгейі бар педагогтар санын ұлғайту;

- қалалық, республикалық деңгейде озық педагогикалық тәжірибені таратушы педагогтардан кеңес алу.

**Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі
2022 жылғы
5 желтоқсандағы
№486 бұйрыққа
қосымша**

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

- 1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8 275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;
- 2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкесіске асыру;
- 3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сақтау;
- 4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп алды жастағы тәрбиеленушілердің қытун нәтижелерінің болуы;
- 5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;
- 6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымша сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

- 1) Балалардың жасын ескере отырып, жастаптарының қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

1) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игерубойынша талаптардысақтау.

**«Шахан С.М.» ЖШС «Алтын ұя» балабақшасының
қызметін бағалау**

№	Бағалау критерийлері	Есептегіштер	Балл
1	Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтердің үлесі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат	100 %	5
2	Біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет көтерген/растаған педагогтердің үлесі (оның ішінде басшылар үш жылда кемінде бір рет)	20 %	2
3	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің (оның ішінде басшылардың, басшының орынбасарларының) кемінде үш жылда бір рет	100 %	5
4	"Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген)	95%	4
5	ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылдың 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасау "Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелген)	Балабақшада балалар жоқ	-

6	"Орта білім беру ұйымдары үшін оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдары үшін оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету, оның ішінде электрондық нысанда	100 %	5
7	Жас топтарының толымдылығының сәйкестігі (топтар ішінде)	100 %	5
8	Ата-аналардың сауалнамасының нәтижелерін талдау		
9	Педагогтардың сауалнама нәтижелерін талдау		

